

ҚАНЖАР

Серігім әрі жарқын, әрі ызғарлы,
Сүйемін асыл болат бұл қанжарды.
Кекке арнап ойшыл грузин соққан сені,
Қайраған еркін черкес бір қаһарлы.

Сыйлаған сені маған бір сал білек,
Қоштасып аттанарда ал белгі, деп.
Қан емес, алғаш сенен сорғалаған -
Маржаны қасіреттің — жас мөлтілдеп.

Қара көз қайғы толы жас іркілген
Кезінде көкірегіме тік үңілген, -
Жүзіндей сенің асыл от шалынған
Бір сөніп нұр сәулесі, бір тірілген.

Белгісі ең махаббаттың маған серік,
Ілестің жолаушыға, үлгі беріп.
Айнымас жаным менің, болат достым,
Өзіндей, дәл өзіңдей болар берік.

* * *

Аттанып жылы шуақ бөгде жақтан
Асығыс солтүстікке сапар тартқан
Жолаушы ем, бердім сәлем саған, Қазбек,
Сақшысы күншығыстың айбары артқан.

Сәлдедей ғасырлық қар жатқан борап,
Әжімді маңдайыңды алған орап.
Бұза алмас сенің ұлы тыныштығыңды
Пенделер тәкаппарсып, тартқан сорап.

Бірақ та жүректің жай айтқан мұңын
Әкетер қағып алып сенің шыңың,
Жеткізер алла тағы биігіңе,
Жусаған жұлдыздарға жетер шыным.

Тілеймін салқын самал ессе екен деп,
Күн ыстық, шаңдақ жолда келем жүдеп,
Сұрқсыз сұр далада шаңқай түсте
Аунар ем тас үстінде тыным тілеп.

Тілеймін болмағай деп жауын-шашын,
Жарқылдап бес аспабы, басынбасын,
Күп-күңгірт қуысында Дарьялдың
Қалмайын арық атпен сорлы басым.

Тағы да, тағы да бар бір тілегім!
Дірілдеп, айта алмаймын, жан-жүрегім!
Ойпырм-ай, не болармын мені мүлде
Ұмытып кеткен болса туған елім!

Бұрынғы табылар ма ыстық құшақ?
Жан бар ма сәлемдесер сол кезге ұсап?
Таныр ма дос-жараным, туыстарым,
Көп заман аударғалы жау қуғын сап.

Дариға, кім біледі не боларын,
Аралап ата-баба молаларын,
Жүрем бе, басып кетіп қабіріңді,
Жас шағын ортақ еткен о, достарым!

О, егер болса олай! Кәне, Қазбек,
Денемді бораныңмен көм тезірек;
Иесіз сүйегімді күйрет, лақтыр,
Сайында суалып-ақ қалсын жүрек.